

Астана медициналық университеті АҚ
“Клиникаға кіріспе” кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Емханалар мен ауруханаларда
карантин жариялау тәртібі

Орындаған: Бекболат Галымбек

Топ : 104

Мамандық: Жалпы медицина

Тексерген: Тайжанова Ляззат
Евгеньевна

2016-2017 оқу жылы

Жоспар

- Карантин
- Стационардағы карантин
- Ауруханадағы карантин

Пайдаланылған әдебиеттер

Карантин дегеніміз - эпидемиялық жұқпалы аурулардың пайда болған ошағын және сол ошақтан тарала алады деген аймақтағы адамдарды, барлық заттарды зарасыздандырғанша жасалатын іс-шаралардың жүйелік жиынтығы.

Карантинизация – белгілі бір аймақтан немесе ауданнан инфекциялық ауру шығып кетпес үшін ошақтан тыс жерге таралмас үшін қолданылады.

КАРАНТИН



Көптеген жұқпалы аурулардың қоздырғыштары мен жасырын кезеңі (инкубациялық кезеңі) әлі толық анықталмаған жағдайда кез келген жұқпалы аурулар бойынша 40 күнге шектеу қойылады. Карантиндік шаралар халықаралық медициналық-санитариялық ережелерге сәйкес ДДҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) мүшесі ретінде Қазақстан Республикасында да жүргізіледі. Әсіресе, елдің өз территориясында немесе шекаралас елдерде аса қатерлі індеттер (оба, тырысқақ, т.б.) пайда болғанда карантин жүргізудің маңызы арта түседі. Мұндай жағдайда әкімшілік шара ретінде мемлекет шекараны жабуға тура келеді. Карантин жарияланған елдермен байланыс жасауға тыйым салынады. Медициналық-санитариялық шараларға:

барлық жолаушылардың және экипаждың денсаулығы туралы анықтама алу;
тасымалданатын жабдықтарды, жүктерді тексеріп, қажет болған жағдайда дезинфекциялау,
дезинсекциялау және дератизациялау;

ауырған адамдарды және олармен жанасқандарды дәрігерлік тексеруден өткізу;
диагнозын анықтағанша науқастар мен күдікті адамдарды оқшаулау;

Жұқпалы аурумен ауырған адамдарды шағын топтарға бөліп обсервациялау кезінде немесе Карантин жарияланған жерден келгендерге дәрігерлік бақылау жүргізу мерзімі ауру түріне байланысты болады. Мысалы, оба және тырысқақ ауруында – 6 күн, нағыз шешек кезінде – 14 күн. Бұл мерзім сол аурулардың ең ұзақ жасырын кезеңінен аз болмауы тиісті. Оқшаулау әскери бөлімшелерде жаңадан келген сарбаздар үшін де қолданылады. Карантин жарияланған елден (жерден) кетушілер мен келушілерге сол ауруға қарсы егілгені, яғни вакцинацияланғаны туралы тиісті куәлік (сертификат) берілуі керек. Аса қауіпті жұқпалы аурулар бойынша карантин жарияланған жерде адамдардың бір-бірімен араласуына шек қойылады, жатақхана тұрғындары шағын топтарға бөлініп орналастырылады, дәрігердің рұқсатынсыз карантиндік аумақтан шығып кетуіне немесе оған басқа жақтан адамдар келуіне тыйым салынады, азық-түлікпен және сапалы сумен қамтамасыз ету ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда карантиндік шаралар оқта-текте кездесетін, аса қауіпті емес жұқпалы аурулар бойынша мектептерде, перзентхана, балабақша, емхана, ауруханаларда жүргізіліп тұрады. Барлық атқарылатын шаралар қауіпсіздік техникасы сақтала отырып, микробиологиялық бақылауға және эпидемиол. қадағалауға алынуы қажет.



Стационардағы карантин

Қазіргі заманда экономика жақсы дамып стационарлардың жабдықпен қамтылуы да жақсарғанымен карантиндік шараларға себеп болатын қателіктер де жетіп жатыр. Жұқпалы аурдың ошағын дезинфекция және дезинсекция зарарсыздандыру шараларынан өткізеді. Зарарсыздандырудың өзі химиялық, механикалық және физикалық болып бөлінеді. Карантиндік зарарсыздандыру химиялық болып табылады. Карантин жариялағаннан кейін зарарсыздандыруға пайдаланылатын химиялық заттар. Олар: Хлор әгі, хлорамин т.б.

Хлор әгі - Хлор иісі бар ақ түйіршікті - ұнтақ зат, оның әсер етуші бөлшегі оттегі және хлор. Хлор әгін тек маталармен темірден жасалған заттарда ғана қолданбайды. Ішек жұқпалы аурулар кезінде карантиндік өңдеу 0,2 % жарақтандырылған хлор әгінің ерітіндісімен бөлмелердің есігін, терезесін, қабырғаларын өңдейді.

Хлорамин - ақ немесе бозда түті жартылай уда ерітілген хлор иісі бар ұнтақ. Көбінесе құрамында 24-28% белсенді хлоры бар 10% ерітінді ретінде қолданылады. Киімді 0,2-0,5% хлорамин ерітіндісі арқылы киімді алып ойып, немесе қайнату арқылы зарарсыздандырады. Кальций гипохлоридінің үштен екі бөлікті негізді тұзы - ақ кристалды ұнтақ, құрамында 48-52 % белсенді хлоры бар, хлор әгімен салыстырғанда ақтауға тұрақты, 0,1-1 % ерітінді түрінде қолданылады.



Емханадағы карантин

Емхана мен ауруханаларда карантин жариялау тәртібіне келетін болсақ ол кезде аурухана немесе емхана ішінде науқастардың, медициналық персоналдың, қосымша емдеу мекемесінің жұмысшыларының толық қатаң түрде озғалысына, араласуына тиым салынады. Жүктер немесе тағы да басқа пайдалану, тұтыну құралдары мен заттарын карантиндік зонадан шығаруға, кіргізуге қатаң тәртіпте тиым салынады. Ауруы бар деген науқастарды белсенді түрде анықтау, егер оларда ауру симптомдары анықталса оларды міндетті түрде қоғамнан изоляциялау. Негізінен аурухана, емхана және түгел алғанда емдеу мекемелерінде инфекциялық аурулардың қоздырғыштарының алдын алу шаралары толық қамтылып емдеу мекемелерінде карантин жариялау факторлары мүлдем тіркелмеу керек. Санитарлық –эпидемияға қарсы тәртіпті ұстану стационар немесе кез-келген медициналық мекеме аймағын үнемі тазалықта сақтауды қарастырады. Бөлімшелерден жиналған керексіз заттар тығыз жабылатын қақпағы бар металлдан жасалған ыдыстармен өз уақытында шығарылып тұруы тиіс

Пайдаланылаған әдебиеттер

- **Клиникаға кіріспе :Оқу кұралы./А.Д.Каркабаева,Ж.И.Аубакирова,М.А. Манаева,Д.Ж.Смаилова.-Астана,2012.-108 бет**
- **Обуховец Т.П. Основы сестринского ухода: Учеб. пос. для мед. колледжей.- Ростов-н/Д: Феникс,2000.- 448 с.- (медицина для вас)**
- **Фомина И.Г. Общий уход за больными.- М.: Медицина,2000.- 304 с. 5.Яромич И.В. Сестринское дело: Учеб. пособие.- Мн.: Высшая школа, 2001**
- **Метра Дж.Справочник врача общей практики/пер с англ.-М.: Практика,Мак-Гроу-Хилл Либри Италия,1998.-1230 с.**
- **Яромич И.В. сестринское дело: Учеб.Пособие.-Мн.Вышэйшая школа,2001.-431 с.**
- **Ослов В.Н. Общий уход за больными в терапевтической клинике: учеб. пособие для вузов.М:ГЭОТАР-Медиа,2005,-396с.**